

Тақырып 2.

Ұлттық компанияларда қаржылық менеджментті ұйымдастыру формалары

Қарастырылатын сұрақтар:

- Қаржы менеджменті басқару формасы ретінде
- Қаржылық менеджменттің базалық тұжырымдамасы
- Қаржылық шешім қабылдау және жүргізу шарттары ықпал етуші факторлар

● Менеджмент ағылшыннан аударғанда **басқару** деген мағына береді

● қаржылық менеджмент – бұл қаржыны басқару, кәсіпорындардың ақша айналамын және қаржылық ресурстарының қолдануын басқару.

- Қаржылық менеджмент - бұл шаруашылық субъектілердің қаржылық құралдарының қозғалыс процесінде туындайтын, қаржылық қатынастардың қозғалысын бақылау.

Қаржылық менеджмент - бұл ақша ағымдарын басқаруға және тиімді қаржылық шешімдерді табуға мүмкіндік беретін, кәсіпкерлікті қамтамасыз ететін қаржылық стратегия және тактика.

- Шаруашылық субъект қаржылық жұмысын ұйымдастыру үшін арнайы қаржы қызметін құрады. Қаржы қызметінің басты мақсаттары:

1. қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету,
2. ЭКОНОМИКАЛЫҚ өсу
3. табыс табу үшін алдын ала тұрақты жағдай жасау.

- **Фирманын қаржы қызметінің міндеттері:**
- тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін қаржы құжаттарын тез, сапалы және қажетті көлемде дайындау;
- кәсіпорынның басты мақсатына жету үшін барлық бөлімдердің қызметін байланыстыру және бағыттау қабілеті;
- шаруашылық субъектінің қаржы жоспарларының сапалы құрастырылуына жауапкершілікті;
- нарықтық жағдайда кәсіпорынның дұрыс жұмыс істеуі бұл қызметсіз мүмкін еместігі.

- Қаржы қызметі бірінғай шаруашылық қызметті басқару механизмінің бөлігі, сол себептен кәсіпорнының басқа да қызметімен тығыз байланысты.
- Нарықтық қатынастарының дамуымен, сыртқы рынокқа шығу қаржы қызметінің алдында жаңа да сапалы міндеттер қояды.
- **Олар:** нарықтық экономикаға парапар әдістермен қаржылық ресурстарды тиімді басқаруды ұйымдастыру.
- Бұл міндеттерді ойдағыдай шешу **қаржылық менеджмент** деңгейінде ғана мүмкін.

● Кәсіпорынның қаржылық шешімдерін 2 топқа бөледі:

1. Инвестициялық шешім - ақша қаражаттарын салу бағыттары
2. Қаржыландыру шешімі - ақша қаражаттарын қайдан алу керек

● Қаржылық менеджмент - бұл қаржылық кәсіпкерлік жұмыс және инвестициялау процестерін басқару түрі.

● Басқару жүйесі ретінде қаржылық менеджмент **екі жүйеден** тұрады:

1. Басқаратын кіші жүйе (субъект)
2. Басқарылатын кіші жүйе (объект)

● **Субъект:** қаржылық дирекция, қаржылық менеджерлер.

● **Объект:** қаржылық ресурстар, капитал айналымы, қаржылық қатынастар.

● Қаржылық менеджмент функциялары:

1. Ұдайы өндірістік - ол кәсіпорынның қысқа және ұзақ мерзімді активтеріне қаржылық салымдар.
2. Өндірістік - кәсіпорын қызметінің қаржылануы және ақша қорларының пайда болуына кәсіпорынның өндірістік коммерциялық қызметінің бақылануы болып келеді.
3. Бақылау - ол қаржылық ресурстардың қолдануындағы ақша қорларының бақылануы.

● Қаржылық менеджменттің негізгі қағидалары:

1. Жоспарлық және жүйелік
2. Мақсатты бағытталу
3. Диверсификациялану
4. Стратегиялық өркенделу

Кәсіпорынның өсуі екі жолмен жүзеге асырылады:

5. Ішкі стратегия
6. Сыртқы стратегия.

- Менеджмент келесідей **функциялар** атқарады:
- **Жоспарлау**, яғни өз қызметін алдынала анықталған жоспарлық көрсеткіштерге бағындыру.
- **Болжау**, яғни қаржылық объект келешекте қандай жағдайда болуы мүмкін екендігін анықтау.
Жоспарлау негізінде болжамдау көрсеткіштеріне сүйеніп жүзеге асырылады.
- **Ұйымдастырушылық**, яғни ол басқару объектіге байланысты қаржылық қызметпен байланысты мамандарды біріктіру.
- **Координация**, ол кәсіпорынның әр жүйедегі звеноларының бірыңғай принциптеріне негізделу, әдістерінің қолдануын қамтамасыз ету.

- Қаржылық менеджмент келесідей функциялар атқарады:
- **Тарату**, егер басқа функциялар адамдармен байланысты болса, бұл функция қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану, кәсіпорын капиталының тұрақты құрылымын анықтау және қамтамасыз ету болады.
- **Қайта өңдеу**. Ол өндірістік үрдістің барлық кезеңдерінде жеткілікті материалдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету болып табылады.
- **Бақылау**.
Қаржылық нәтижелердің жоспарлылық көрсеткіштермен мемлекет алдында, басқа кәсіпорындар алдында және т.б. міндеттемелерін уақытында өтеуін қадағалау.

Қаржылық менеджменттің базалық концепциялары

- Қаржылық менеджменттің негізгі міндеті:
 1. үздіксіз қозғалыста болатын ақша қаражаттарына мақсатты орын таңдау
 2. ақша - ақша ағымын қалыптастыру.
- Бұл кез келген қаржылық-шаруашылық жұмыстың негізі болып табылады.

Ақша ағымының

концепциясы:

- ақша ағымының түрін, ұзақтығын, сәйкестендіруін;
- ақша ағымының мөлшерін анықтайтын элементтердің факторларын бағалау;
- әртүрлі мезгілдегі ақша ағымдарының элементтерін салыстыруға болатын дисконттау коэффициенттерін таңдау;
- ақша ағымымен байланысты тәуекелді бағалау және оны есебін жүргізу.

- **2. Ақша ресурстарының мерзімді құндылық концепциясы**
- Ақша айналымы және табыс алмау тәуекелімен, инфляциялық процестермен байланысты уақыт аралығында ақша құнының өзгеруі.

● 3. Тәуекел мен табыстылық арасындағы ымыраластық (компромисс) концепциясы

1. Кез келген табысты алу әрқашан тәуекелмен байланысты, табыс неғұрлым жоғары болған сайын соғұрлым тәуекел өседі.
2. Қаржылық менеджментте тәуекел категориясы әр түрлі аспекте назарға алынады:
3. инвестициялық процестерді бағалау қосымшасында (приложение),
4. инвестициялық портфельді қалыптастыру
5. капитал құрылымы бойынша шешім қабылдау,
6. дивидендтік саясатты негіздеу (обоснованию),
7. жұмсалған қаражаттардың құрылымын бағалау және т.б.

- 4. Капитал құнының концепциясы
- Капиталдың элементтеріне қызмет көрсету кәсіпорынға әр түрлі шығын әкеледі, қаржыландырудың әрбір көзінің өз құны болады, ол оған қызмет көрсету шығындары арқылы анықталады.
- Шығынға ұшырау тәуекелінен сақтауға және шығындардың орнын толтыруға қажетті табыстың минималды деңгейін капитал құны көрсетеді.

- **5. Капитал нарығының тиімділік концепциясы (нарықтың тиімділік болжамы).**
- Мұнда «тиімділік» термині экономикалық мағынада емес, ақпараттық мағынада қолдануда, яғни нарықтың тиімділік деңгейі оның ақпаратпен қамтамассыздығымен және оның қатысушыларына ақпараттың жеткіліктілігімен анықталады.
- Бағалы қағаздармен келісім-шарт көлемі, ішкі бағаға ағымдағы бағаның қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты.

- Тиімді нарық - бұл бағада нарықтағы жағдай жайлы толық ақпарат бейнеленген, нарықтың бір түрі.
- Нарықтың ақпараттық тиімдігін қамтамасыз ету үшін 4 шартты орындау керек:
 1. Нарық субъектілеріне ақпаратқа қол жеткізілім бірдей болуы керек;
 2. Келісім-шарт жасауға кедергі болатын трансакциялық шығындар, салықтық және т.б. кедергілер болмауы тиіс;
 3. Нарықтың жеке қатысушыларымен жасалып жатқан келісім-шарттар, жалпы баға деңгейіне әсер етпеуі тиіс;
 4. Күтілетін пайданы максималдау мақсатында, нарықтың барлық қатысушылары өз жұмыстарын рационалды жүргізулері қажет.
- ЕМН болжамы тәжірибеде нарықтың 3 тиімділік формасын бөліп көрсетеді:
 1. әлсіз
 2. қалыпты
 3. мықты.

● 6. Ақпараттың асимметриялық концепциясы

- Кейбір тұлғаларға қол жеткізілімсіз ақпаратпен әр түрлі категориядағы тұлғалар иемденуі мүмкін.

Ақпараттардың асимметриялығы капитал нарығының болуына ықпал жасайды.

● 7. Агенттік қатынастар концепциясы

- Кәсіпорынды иемденушілердің және басқарманың қызуғышылықтары әрдайым сәйкес келе бермейді. Қаржылық шешімдерді қабылдаған кезде, кәсіпорын иемденушілерінің арасында түсініспеушілікті болдырмау мақсатында агенттік ұсталымдарды жүргізу керек.

- **8. Альтернативті шығындар немесе мүмкіншілігін жіберіп алу шығындар концепциясы**
- Қаржылық мәселеге байланысты кез келген шешімді қабылдау белгілі бір альтернативті нұсқаудан бас тартумен байланысты.
- **9. Шаруашылық субъектісінің мерзімді жұмыс істеуінің шектелмеген концепциясы.**

2. Қаржылық менеджменттің базалық көрсеткіштері

- **Қосылған құн = БРЭИ + еңбек ақы**
- **шығындары**
- **Экономикалық** - жалпы ішкі өнімге әрбір экономикалық субъектінің салымы немесе белгілі бір аралықта кәсіпорында құрылған құн.
Бухгалтерлік - ол өткіздірілген өнім мен оның шығындарының айырмашылық.
- **БРЭИ** - Инвестицияны эксплуатациялаудағы брутто нәтижелік

- **Инвестицияны эксплуатациялаудағы брутто нәтижелік (БРЭИ) = НРЭИ + өндірістің құралдарын қалыпқа келтіру шығындары**
- Экономикалық -кәсіпорында құрылған құн бөлігі болып келеді.
- Бухгалтерлік - еңбекке кеткен барлық шығындарды алып тастағандағы қосымша құн.
- (НРЭИ) - Инвестицияны эксплуатациялаудағы нетто нәтижелік

- **Инвестицияны эксплуатациялаудағы нетто нәтижелік (НРЭИ) = баланстық табыс + өзіндік құннан төленетін несиелер бойынша пайыздар**
- Экономикалық - ол кәсіпорынның қосымша өніміне жақын болып келеді, НРЭИ-ді кей уақытта табысқа салынатын салықтарды және несиеге төленетін пайыздарды төлеуге дейінгі табыс деп аталады.
- Бухгалтерлік -ол кәсіпорынның негізгі өндірістік құралдарын қалыптастыруға кеткен шығындарды алғандағы БРЭИ деп атауға болады (ол баланстық табыс болып табылады).

- Экономикалық рентабельділік (ЭР) = $\text{НРЭИ} / \text{актив} * 100\% = \text{НРЭИ} / \text{айналым} * 100\% = \text{айналым} / \text{актив}$
- Экономикалық - ол шығындарды нәтижелермен сәйкестендіруге мүмкіндік беретін кәсіпорынның тиімді қызмет етуін көрсететін көрсеткіш.
- Активтердің экономикалық рентабельділігін кәсіпорынның өндіріс рентабельділігімен шатастыруға болмайды.
- Бухгалтерлік - ол НРЭИ-дің кәсіпорынның актив балансына қатынасы ретінде анықталады.

- $ЭР = КМ \text{ (коммерциялық маржа)} * ТК$
(трансформация коэффициенті)
- Мұндағы:
- ЭР - Экономикалық рентабельділік
КМ - ол айналым рентабельділігін көрсетеді.
- ТК - ол кәсіпорынның активтерінің тиімді қолдануын көрсетеді.
- PV - келтірілген құн.
- MVA - қосылған нарықтық құн.
- EVA - нақты экономикалық құн.

- Бірінші негізгі қаржы принципі.
- Бүгінгі теңгенің құны ертеңгіге қарағанда артық, өйткені бүгінгі теңгені инвестициялауға болады және ол пайыз түрінде пайда әкеледі.
- Қалдырылған пайданың келтірілген құнын былай табады:
- коэффициент мәні 1-ден кем болғанда пайда сомасын дисконт коэффициентіне көбейтеміз.
- Егерде коэффициент 1-ден асса, теңгенің бүгінгі құны ертеңгіге қарағанда аз болуы мүмкін.

- **$PV = \text{дисконт коэффициенті} * FV$**



- PV- келтірілген құн

- FV-болашақ құн

- **$\text{дисконт коэффициенті} = 1 / (1 + r)$**

- r-пайданың нормасы.

- Таза келтірілген құн (NPV) келтірілген құннан керек инвестицияларды алумен табылады.

- Келесі формуламен пайдаланып санауға болады

- $NPV = PV + FV$

- $1+r$

- NPV-Таза келтірілген құн

- Көрсеткіштер:

- ROE - меншікті капиталдың рентабельділігі.

- ROA - активтердің рентабельділігі.

- ROI - инвестициялардың рентабельділігі.

- **Таза пайда + төлем проценті**
- **ROA = жинақтық капитал**
- **ROE = таза пайда жеке капитал**

- **ROI = Таза пайда + төлем проценті
инвестицияланған капитал**

- Шаруашылық қызметтердің жалпылама қаржылық көрсеткіштері:
- EBIT (NOI)- пайыздар мен салықтарды есептегенге дейінгі табыс (таза операциялық табыс)
- EBI - салықтарды есептегенге дейінгі табыс.
- NI - салықтарды төлегеннен кейінгі табыс.
- EPS - акциядан келетін табыс.
- DPS - акцияға келетін дивиденд.
- $EPS = \text{таза пайда} - \text{артықшылығы бар акция дивидендтері жай акцияның саңы}$
- $DPS = \text{дивидендтердің массасы}$
- Айналыстағы жай акцияның саңы

- EPS = таза пайда – артықшылығы бар акция дивидендтері жай акцияның саңы
- DPS = дивидендтердің массасы
- Айналыстағы жай акцияның саңы

- Экономикалық сипаттағы шешімді қабылдау келесідей 4 жағдайдың бірінде жүзеге асырылуы мүмкін:
- анықтылық шартында;
- тәуекел шартында;
- белгісіздік шартында;
- келіспеушілік, дауласу шарттарында.
- Тәуекел – бұл қажетсіз жағдайдың орындалу мүмкіндігі.